

БЕКІТІМІ  
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан  
аграрлық техникалық университеті»  
КеАҚ басқарма төрағасы-ректор  
А.М.Наметов  
« 22 » \_\_\_\_\_ 20 24 ж



БӨЛІМ ЕРЕЖЕСІ  
**ӨНДІРІСТІК, ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ  
ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ  
ДЕПАРТАМЕНТІ**  
СМЖ.07.БЕ.30

№ 03 басылым  
№ \_\_\_\_\_ дана

Дайындалды: <u>19.02.2024ж.</u> Тағаев О.О. <u>[Signature]</u>	Келісілді: <u>21.02.2024ж.</u> Таскалиев Е.К. <u>[Signature]</u> Алмагамбетова М.Ж. <u>[Signature]</u> Ихсанов Е.Б. <u>[Signature]</u>	Енгізілді: <u>23.02.2024ж.</u> Орнына: СМЖ.07.БЕ.30 23.02.2021ж Қайта каралуы: <u>23.02.2024ж.</u>
-------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------	-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

## Мазмұны

1. Жалпы ережелер
2. Құрылымы мен штаты
3. Мақсаты мен негізгі міндеттері
4. Қызметтері
5. Құқықтары
6. Жұмысты ұйымдастыру
7. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы
8. Жауапкершілігі
9. Сілтемелер

Өзгерістер				
№	Күні	Беттер номері	Дайындаушы	
			ТАӘ	Қолы

--	--	--	--	--

## **1. Жалпы ережелер.**

- 1.1. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаменті университеттің құрылымдық бөлімі болып табылады;
- 1.2. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаментін департамент директоры басқарады;
- 1.3. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаменті және басқа қызметкерлерінің біліктілік талаптары, лауазымдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершіліктері басқарма төрағасы-ректормен бекітілген лауазымдық нұсқаулықтармен бекітіледі;
- 1.4. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаменті ҚР-ң заңнамаларын және нормативтік актілерін, ішкі тәртіп ережелерін, сапа облысындағы саясатты, қоршаған ортаны басқару жүйесінің саясатын, сапа менеджменті жүйесінің құжаттарын басшылыққа алады;
- 1.5. Департамент басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен қызметке тағайындалып, босатылады.

## **2. Құрылымы мен штаты.**

- 2.1. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаментінің құрылымы мен штаты департамент директорының ұсынысы бойынша басқарма төрағасы-ректормен бекітіледі;
- 2.2. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаментіне келесілер кіреді:
  - Өндірістік бөлім;
  - Жөндеу және пайдалану қызметі;
  - Автотракторлық парк ;
  - Сервистік қызмет көрсету басқармасы ;
- 2.3. Департамент штатына келесілер кіреді:
  - Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаментінің директоры-1 бірлік;
  - орынбасары-1 бірлік
  - Сметалық құжаттарды жобалау инженері-1 бірлік;
  - Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаментінің маманы -1 бірлік;
- 2.4. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаменті бөлімінің қызметкерлері қызметке басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен тағайындалады және босатылады.

## **3. Мақсаты мен негізгі міндеттері**

- 3.1. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаментінің мақсаттары мен негізгі міндеттері:
  - Университет инфрақұрылымының қалыпты жағдайда жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

- Университеттің техникалық саясатын және техникалық даму бағытын анықтау;
- Университет аумағын және ғимарат ішін қауіпсіздікте, тазалықта ұстау;
- Еңбекті қорғаудағы техникалық қауіпсіздікті, санитария және өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Университет өнімдерін сату, сақтау, ауыстыру, орын-жайларды жалға беру жұмыстарын ұйымдастыру және қадағалау;

#### **4. Қызметтері**

- 4.1. Университет аумағын және ғимараттарды тиісті заңнамаларға сәйкес санитарлық және өрт қауіпсіздігі жағдайында ұстау;
- 4.2. Университет нысандарына техникалық қызмет көрсету;
- 4.3. Электр, жылу, су, байланыс, кәріз жүйесінің қалыпты жағдайда жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 4.4. Құрылыс, ағымдағы және күрделі жөндеу жұмыстарын жоспарлау, ұйымдастыру, орындалуын қадағалау;
- 4.5. Көлік құралдарын сақтау, техникалық жағдайын қадағалау, қалыпты жағдайда жұмыс жасауын қамтамасыз ету, қызметтік қажеттілік жағдайында университет қызметкерлерін көлікпен қамтамасыз ету;
- 4.6. Университет өнімдерін сату, сақтауға беру, ауыстыруды тиісті деңгейде ұйымдастыру;
- 4.7. Университет ғимараттарындағы орын-жайларды жалға беру жұмыстарын ұйымдастыру және қадағалау.

#### **5. Құқықтары**

- 5.1. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаментінің қызметін директоры жүзеге асырады, бұл оның лауазымдық нұсқаулығында анықталған;
- 5.2. Университеттің басқа құрылымдық бөлімшелерімен, мемлекеттік органдарымен және ұйымдарымен қарым-қатынас жасауға, мүддесін білдіруге, қорғауға;
- 5.3. Университеттің құрылымдық бөлім жетекшілерінен ақпараттар мен құжаттарды өз күзіреттілігі аясында алуға;
- 5.4. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаментінің жұмысын жетілдіру мәселесі бойынша ұсыныстар білдіруге құқылы.

#### **6. Жұмысты ұйымдастыру**

- 6.1. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаменті өз қызметін осы ережеге сәйкес және университеттің жоспарлары мен департаменттің оқу жылына арналған жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады және өз қызметі жөнінде басқарма, Ғылыми кеңес отырыстарында есеп береді.

#### **7. Басқа бөлімдермен өзара қарым-қатынасы**

- 7.1. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаменті университеттің барлық құрылымдық бөлімшілерімен өкілеттілік, нәтижелілік, кері байланыс және ұжымда жұмыс жасай білу ұстанымдары бойынша қарым – қатынаста болады.

#### **8. Жауапкершілігі**

8.1. Өндірістік, техникалық және инфрақұрылымдық қамтамасыздандыру департаменті қызметкерлері:

- Өзінің лауазымдық нұсқаулығында көзделген лауазымдық міндеттерін орындамаған немесе тиісінше орындамағаны үшін ҚР-ның еңбек кодексінде анықталған нормалар шегінде;

- Өз қызметін жүзеге асыру барысында құқық бұзғандығы үшін ҚР-ның әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодекстерінде анықталған нормалар шегінде;

- Материалдық залал келтіргені үшін ҚР-ның еңбек, әкімшілік, қылмыстық және азаматтық кодексінде анықталған заң нормалар шегінде жауапты болады.

8.2. Университеттің инфрақұрылымының қалыпты қызмет етіп тұруына жауапты.

## 9. Сілтемелер

ҚР Еңбек кодексі 23.11.2015 ж. №414;

ҚР «Білім туралы» заңы 27.07.2007 ж. №319;

ҚР «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңы 11.07.1997 ж №151;

ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы 18.11.2015 ж. №410;

ҚР СТ ИСО 9001-2016 Сапа менеджментінің жүйелері. Талаптар;

«Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» жарғысы;

СМЖ.07.ҚЕ.07. Ішкі тәртіп ережесі;

ЖОО ішіндегі нормативтік құжаттар;

Қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтары.

